

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

**Жасанды интеллект: адамзат досы ма, қасы ма?**ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.05.2025СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/178978/>**Шынаш Асыл Дәулетқызы**

XX ғасырда компьютердің пайда болуымен, Алан Тьюрингтің идеялары негізінде жасанды интеллект ұғымы қалыптасты. Ал 1956 жылы «жасанды интеллект» термині ресми түрде ғылыми айналымға енгізілді. Жасанды интеллект (Artificial Intelligence, AI) – бұл компьютерлер мен машиналардың адамның ойлау қабілетіне еліктейтін технологиялар жиынтығы. Ол деректерді талдау, үйрену, шешім қабылдау, тіпті шығармашылық тапсырмаларды орындау сияқты функцияларды атқара алады. Әрине, AI-дың күннен-күнге дамуы – өркениет прогресінің бір көрінісі. Дегенмен, бір сәт болашаққа көз жүгіртіп, жасанды интеллекттің адам өміріне түбегейлі әсер ететінін елестетіп көрдіңіз бе? Ол бізге көмектесе ме, әлде керісінше қауіп төндіре ме?

Жасанды интеллекттің түрлері өте көп. Тар жасанды интеллект – белгілі бір тапсырманы орындауға бағытталған. Мысалы: Siri, Google Assistant. Күшті жасанды интеллект – адамның саналы ойлау қабілетіне жақын, өз бетінше шешім қабылдай алатын жүйе. Қазіргі кезде бұл бағытта қарқынды зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

AI адамзатқа көптеген оң әсер бере алады. Алайда оны толықтай сенімді деу – қателік. Мәселен, AI адамның орнын баса бастағаны айқын. Бұл болашақта миллиондаған адамның жұмыссыз қалуына әкелуі мүмкін. Журналистика, аударма, заңгерлік, тіпті көлік жүргізу салаларында AI қолданыла бастауда. AI шешім қабылдағанда эмоцияға емес, тек деректерге сүйенеді. Егер деректер бұрмаланған болса, ол қауіпті шешімдерге алып келуі ықтимал.

Мысалы, The Washington Post пен Bloomberg басылымдарында AI қолданылуы көптеген журналистердің қысқаруына себеп болды. БҰҰ-ның есебіне сәйкес, Ливиядағы қақтығыстарда әскери дрондар өздігінен шешім қабылдап, адамдарға шабуыл жасаған.

Кибершабуылдар да AI-дың қауіп төндіретін тұстарының бірі. Егер AI хакерлердің қолына түссе, олар оны жеке деректерді ұрлау, фишингтік шабуылдар жасау секілді зиянды мақсаттарда пайдалана алады. Илон Масктың айтуынша: «Жасанды интеллект – өте-өте қауіпті». 2017 жылы Facebook компаниясының AI чатботтары өзара түсініксіз

тілде сөйлесе бастағанда, ғалымдар тәжірибені дереу тоқтатуға мәжбүр болды. Microsoft жасаған Tay атты чатбот Twitter-де бір тәуліктің ішінде нәсілшіл, агрессивті сөздер үйреніп, қоғамға қауіп төндіре бастады.

Дегенмен, AI дұрыс бағытта қолданылса, адамзатқа зор пайда әкеледі. Медицинада AI жүйелері ауруларды ерте анықтап, емдеу үдерісін жылдамдатып келеді. Мысалы, IBM Watson Health қатерлі ісікті диагностикалауда дәрігерлерге көмектесіп, емдеу стратегиясын жеңілдетті. COVID-19 пандемиясы кезінде де AI зерттеушілерге вакцина әзірлеуде көмек көрсетті.

Білім беру саласында AI оқушылардың деңгейін талдап, әлсіз тұстарын анықтауға көмектеседі. Duolingo мен Khan Academy сияқты платформаларда AI білім алуды жеке тұлғаға бейімдеп, тиімді етеді.

Психологиялық AI жүйелері адамның ішкі күйін түсініп, жан дүниесіне демеу бола алады. Мысалы, ChatGPT, Wusa сияқты платформалар психологиялық қолдау көрсетеді.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект адам өмірінің бір бөлшегіне айналып үлгерді. Ол – шексіз мүмкіндіктер мен тәуекелдердің тоғысқан тұсы. Сол себепті AI-ды жүйелі түрде бақылап, жауапкершілікпен пайдалану – адамзаттың басты міндеті.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.